

РЕЗИДЕНТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИЯ БОЙЫНША СҰРАҚТАР ТІЗБЕСІ

1. Оториноларингологияның жекелей мамандық ретінде қалыптасуының анатомиялық, функционалдық және әдіснамалық негіздері.
2. Оториноларингология. Анықтамасы, клиникалық пәндер қатарындағы оның орны.
3. Мұрын қуысы. Мұрын қуысының құрылысы. Риногендік бас сүйек ішіндегі және көзүяішілік асқынулар қалыптасуының анатомиялық алғышарттары. Риногендік синуситтер патогенезіндегі мұрын орта жолының клиникалық маңызы.
4. Мұрын жанындағы қойнаулар клиникалық анатомиясы және физиологиясы.
5. Мұрын қалқасының клиникалық анатомиясы және физиологиясы.
6. Мұрынның функциялары. Тыныс алу және иіс сезу аймақтары шырышты қабатының құрылымдық ерекшелігі.
7. Мұрынмен тыныс алудың бронх-өкпе және жүрек қан тамыр жүйесі қызметі мен кәсіби және басқа да сырқаттардың алдын алу үшін маңызы. Мұрын клапанының тыныс алу қызметі және ағзаның дұрыс дамуын жүзеге асырудағы маңызы.
8. Ересектер және балаларда мұрынмен тыныс алудың бұзылуы, себептері, дифференциалды диагностикасы, оны емдеудің тактикасы.
9. Мұрын жанындағы қойнаулар топографиясы. Аталған топографиялық ерекшеліктердің клиникалық маңызы.
10. Остиомеаталды кешен және оның мұрын жанындағы қойнаулары қабыну процесінің қалыптасуындағы маңызы.
11. Мұрын және мұрын жанындағы қойнауларды зерттеудің функционалдық және инструменталды әдістері.
12. Мұрын қалқасы. Мұрын қалқасының деформациясы және оның клиникалық маңызы. Мұрын қалқасының көрсеткіштері және хирургиялық коррекциясының /түзету/ түрлері.
13. Мұрынның сыртқы сырқаттары (сыздауық, тілме /рожа/, экзема). Белгілері, науқасты қарау әдістері, клиникасы, асқынуы, консервативті және хирургиялық ем, профилактикасы.
14. Мұрыннан қан кету. Этиологиясы, патогенезі, науқасты қарау, диагнозы. Мұрыннан қан кетуді тоқтатудың әдістері.
15. Мұрын қалқасының гематомасы және абсцессі. Диагностикасы, ықтимал асқынулары, емі.
16. Асқынған ринит. Этиологиясы, патогенезі, ересектерде және емшектегі баладағы ерекшеліктері, барысы, диагностикасы және емі.
17. Созылмалы ринит. Топтастырылуы, этиологиясы, патогенезі, дифференциалды диагностикасы және емдеуінің заманауи қағидаттары.
18. Аллергиялық ринит. Мерзімдік және жыл бойы. Ұзақ сақталушы және аралық формалары. Диагностикасы және емдеуінің заманауи қағидаттары.

19. Асқынған және созылмалы жоғарғы жақсүйек синуситі. Клиникасы, диагностикасы, емі. Остиомеаталды кешеннің мұрын жанындағы қойнаулары қабыну процесінің қалыптасуындағы маңызы.
20. Асқынған және созылмалы этмоидит. Клиникасы, диагностикасы, емі. Остиомеаталды кешеннің мұрын жанындағы қойнаулары қабыну процесінің қалыптасуындағы маңызы.
21. Асқынған және созылмалы фронтит. Клиникасы, диагностикасы, емі. Маңдай қойқойнауы трепанопункциясы. Көрсеткіштері. Остиомеаталды кешеннің мұрын жанындағы қойнаулары қабыну процесінің қалыптасуындағы қызметі.
22. Асқынған және созылмалы сфеноидит. Клиникасы, диагностикасы, емі. Остиомеаталды кешеннің мұрын жанындағы қойнаулары қабыну процесінің қалыптасуындағы қызметі.
23. Одонтогенді /тістен тараған/ жоғарғы жақ синуситі. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емі.
24. Зеңдік риносинусит. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емдеуінің заманауи әдістері, профилактикасы.
25. Мұрын полипозы. Полипозды риносинусит. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емдеуінің заманауи әдістері, профилактикасы.
27. Мұрын қойнауының кистасы. Кистаның түрлері. Клиникасы, диагностикасы. Отамен емдеу үшін көрсеткіштері.
28. Созылмалы гаймориттің түрлі формаларындағы емдеу тактикасы (Б.С.Преображенскийдің топтастыруы бойынша).
29. Мұрын және мұрын жанындағы қойнаулардың функционалды хирургиясы. Заманауи ұсынымдар.
30. Риногендік бас сүйек ішіндегі асқынулар (менингит, ми абсцесі, кавернозды синус тромбозы). Этиологиясы, патогенезі, инфекцияның ену жолдары, клиникасы, диагностикалау әдістері, емдік, хирургиялық тактика және қарқынды терапия. Профилактика әдістері.
31. Мұрын сүйегінің сынығы. Сынықтың клиникалық белгілері. Диагностикалау әдістері, емдеу (мерзімі, репозиция техникасы, сынықтары иммобилизациясы). Мұрын сүйегі сынықтарның шұғыл репозициясына қарсы көрсеткіштер.
32. Мұрынның сыртқы тұрақты деформациясы, деформациялардың негізгі түрлері, мұрынның ішкі құрылысымен байланыстары, мұрынның функционалды қалпына жасайтын әсері.
33. Мұрын және мұрын жанындағы қойнауларындағы пайда болған қатерлі және қатерсіз өскіндер. Клиникасы, диагностикасы, емдеу тактикасы.
34. Лимфаденоидты жұтқыншақ сақинасының анатомиясы және физиологиясы: таңдай, жұтқыншақ, тіл, түтіктік бадамшалары. Топография және жас мөлшерлік морфологиялық ерекшеліктер. Созылмалы тонзиллит пайда болуының анатомия-топографиялық алғышарттары.
35. Жұтқыншақ және өңешті зерттеудің әдістері. Аталған әдістерді диагностикалау және емдеу мақсатында қолдану мүмкіндіктері. Қолдану көрсеткіштері.
36. Жұтқыншақ жасұнық кеңістігі: паратонзиллярлы, парафарингеалды және ретрофарингеалды. Топографиялық анатомия, инфекцияның ену жолдары.

37. Асқынған және созылмалы фарингит. Этиологиясы, патогенезі, клиникалық формалары, диагностикасы мен емі. Басқа органдар және жүйелер патологиясымен байланысы (асқазан-ішек жолы, эндокринді жүйе).
38. Асқынған және созылмалы аденоидит. Этиологиясы, клиникалық ағысы, диагностикасы және емделуі.
39. Таңдай және жұтқыншақ бадамшаларының гипертрофиясы – клиникалық белгілері, ағзаның дамуына әсері, диагностикасы, емі. Тонзиллотомия, аденотомия, көрсеткіштері, дайындығы, ота техникасы және асқынулары.
40. Жұқпалы аурулар (дифтерия, скарлатина, корь) кезіндегі жұтқыншақтың зақымдануы. Эпидемиологиясы. Клиникасы, диагностикасы және емі.
41. Қанның жүйелі аурулары кезіндегі жұтқыншақтың зақымдануы (жұқпалы моноклеоз, агранулоцитоз, лейкоз). Клиникасы, диагностикасы, емі.
42. Паратонзиллярлы абсцесс (Паратонзиллит). Этиологиясы. Процесс кезеңдері. Кезеңдері, локализациясы, клиникасы, диагностикасы, ықтимал асқынулары, емдеу әдістері.
43. Ретрофарингеалды абсцесс. Клиникасы, диагностикасы, ықтимал асқынулары, емделуі.
44. Парафарингит. Жергілікті және жалпы симптоматикасы. Парафарингиттің асқынуы. Емі, профилактикасы.
45. Созылмалы тонзиллит. Этиологиясы, патогенезі, таңдай бадамшаларының жалпы және жергілікті асқыну белгілері. И.Б.Солдатовтың топтастыруы. Емдеу тактикасы. Ересектер және балаларда созылмалы тонзиллитті емдеу. Көрсеткіштері, қажетті курстар саны, тиімділігін бағалау.
46. Созылмалы тонзиллит. Этиологиясы, патогенезі, таңдай бадамшаларының жалпы және жергілікті асқыну белгілері. И.Б.Солдатовтың топтастыруы. Емдеу тактикасы. Отамен емдеу: тонзилэктомия. Абсолютті және қатыстылық көрсеткіштер, отаға қарсы көрсеткіштері. Отаның негізгі кезеңдері және ықтимал асқынулары.
47. Жұтқыншақ, көмей және өңештің химиялық күйігі және олардың асқынулары. Себептері, патологиялық анатомия, клиникасы, асқынулары.
- Жедел көмек.
48. Жұтқыншақта пайда болған қатерсіз және қатерлі өскін. Клиникасы, диагностика және емдеу әдістері.
49. Эпиглотит. Формалары, ларингоскопиялық сипаты, клиникасы, емі.
50. Жұтқыншақтың құрылымының анатомия-топографиялық бөлімдері. Мүшенің иннервациясы. Жұтқыншақтың тыныс алу, қорғану және дауыс функцияларын жүзеге асырудағы көмей аймағының рефлексогенді қызметі. Қайырылма көмей жүйкесінің зақымдану себептері. Жүйкенің түрлі дәрежедегі зақымдануларындағы көмей функциялары бұзылуының сипаттамалары.
51. Көмей, трахея, бронх және кеңірдекті зерттеудің әдістері. Аталған әдістерді диагностикалау және емдік мақсаттарда қолдану мүмкіндіктері. Қолдану үшін көрсеткіштер.
52. Асқынған және созылмалы ларингит. Этиологиясы, басқа мүшелер және жүйелер патологиясымен байланысы, топтастырылуы, клиникасы, диагностикасы, емі.

53. Көмейдің асқынған және созылмалы стенозы. Топтастырылуы, пайда болуының жиі кездесетін себептері. Клиникалық сипаттары, диагностикалау әдістері, емдеу тактикасы. Коникотомия. Трахеотомия, трахеостомия. Көрсеткіштері, жүргізу техникасы, ота кезі және отадан кейінгі орын алуы ықтимал асқынулары.
54. Дисфония. Классификациясы, клиникасы, диагностикасы, емдеу қағидаттары.
55. Көмей парезі және сал ауруы (паралич): классификациясы, клиникасы, диагностикасы, емдеу қағидаттары.
56. Көмей папилломатозы. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы. Заманауи емдеу әдістері.
57. Көмей қатерлі ісігі. Алғашқы кезеңдегі симптоматикасы. Классификациясы, ерте диагностикалаудың әдістері. Емдеудің хирургиялық, сәулелік, медикаментозды және аралас әдістері. Қатерлі ісік сырқаты алдын ауруларын анықтау. Онкологиялық сақтық.
58. Жоғары тыныс алу жолдарының жұқпалы гранулемасы. Склерома. Клиникасы, артықшылық локализациясы, диагностикасы. Заманауи емдеу әдістері.
59. Жоғары тыныс алу жолдарының жұқпалы гранулемасы. Туберкулез. Клиникасы, артықшылық локализациясы, диагностикасы. Заманауи емдеу әдістері.
60. Жоғары тыныс алу жолдарының жұқпалы гранулемасы. Сифилис. Клиникасы, артықшылықты локализациясы, диагностикасы. Заманауи емдеу әдістері.
61. Вегенер гранулематозы кезіндегі ЛОР-мүшелерінің зақымдануы.
62. ВИЧ-инфекциясы кезіндегі ЛОР-мүшелерінің зақымдануы.
63. ЛОР-мүшелері бөтен заттары. Клиникасы, диагностикасы, ықтималды асқынулары, сыртқа шығарудың әдістері.
64. Сыртқы және орта құлақ құрылысының анатомия-топографиялық ерекшеліктері, құлақ сырқатының пайда болуы, аурудың барысы мен асқынуына тигізер әсері.
65. Орта құлақ құрылысының анатомия-топографиялық ерекшелігі, құлақ сырқатының пайда болуы, аурудың барысы мен асқынуына тигізер әсері.
66. Бет жүйкесінің өзегі жолының құрылымдық анатомия-топографиялық ерекшелігі, бет жүйкесінің талшықтары. Бет жүйкесі зақымдануының топикалық диагностикасы.
67. Орта құлақтың дыбысты өткізудің трансформациялы механизмі. Құлақ пердесінің функциясы, есту сүйектері, дыбыс өткізу механизміндегі құлақтың ішкі қуысы және ішкі қуыс жолдарының құрылысы жүйелері.
68. Есту анализаторының құрылысы және функциялары. Орталық және перифериялы бөлімдері. Есту функциясын зерттеудің әдістері.
69. Строение и функции вестибулярлы анализатордың құрылысы және функциялары. Методы регистрации и оценки вестибулярлы реакцияларды тіркеу және бағалаудың әдістері. Кенетті (спонтанный) нистагм. Терең жара (свищ) белгілері (фистулді, прессорлы), оның диагностикалық маңызы.
70. Есту түтігі және құлақ пердесінің анатомиясы және физиологиясының ерекшеліктері. Аталған ерекшеліктердің жаңа туған сәбилер мен кіші жастағы балалардың ортаңғы құлақ патологиясы дамуындағы маңызы. Есту түтікшелерінің

өткізу қабілетін зерттеудің әдістері. Көрсеткіштері, диагностикалық және емдік маңызы.

71. Ортаңғы құлақтың жедел қабынуы. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, ағым кезеңдері. Патоморфологиялық өзгерістер, процестің түрлі кезеңдеріндегі отоскопиялық сипаттары, емдеуі, асқынулары және нәтижесі.

72. Экссудативті орта отит. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы. Есту функциясы, клиникалық ерекшеліктері. Консервативті және хирургиялық емдеу әдістері.

73. Созылмалы іріңді мезотимпанит. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикалау әдістері, емделуі, профилактикасы.

74. Созылмалы іріңді эптитимпанит. Этиологиясы, патогенезі, диагностикалау әдістері, емделуі, профилактикасы.

75. Самай сүйегінің тік және көлденең сынықтары. Неврологиялық симптоматикасы, есту және вестибулярлы функциясының жай-күйі. Отоскопиялық сипаты, диагностикасы, емделуі.

76. Созылмалы іріңді орта отиттердің асқынуы. Мастоидит: этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емдеу қағидаттары. Шипо үшбұрышы. Төбе-мойын мастоидиттері.

77. Созылмалы іріңді орта отиттердің асқынуы. Лабиринтит: этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емдеу қағидаттары.

78. Созылмалы іріңді орта отиттердің асқынуы. Бет жүйкесінің парезі: этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емдеу қағидаттары.

79. Бас сүйегішілік отогенді асқынулар (менингит, ми және мишық абсцестері, синус-тромбоз және сепсис). Этиологиясы, патогенезі, инфекцияның таралу кезеңдері, диагностикасы, емдеу қағидаттары, профилактикасы.

80. Отосклероз. Этиологиясы, клиникасы, диагностикасы, емделуі. Ауру формалары. Отосклероз кезіндегі есту функциясы өзгеруінің ерекшеліктері.

81. Меньер ауруы. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, емі. Құлақтың ішкі қуысы (лабиринт) жедел дисфункциясындағы жедел жәрдем.

82. Кондукті, нейросенсорлы және аралас керендік. Себептері. Дифференциалды диагностика. Есту қабілеті тұрақты бұзылған (стапедопластикалы стапедэктомия, тимпанопластика, естуротездеу, кохлеарлы имплантация) науқастарды оңалтудың әдістері.

83. Кіреберіс-ұлу жүйкесі (преддверно-улитковый нерв) невриноماسы. Этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы. Емдеу әдістері.